

Жыйынтыктап айта турган болсок жогорудагы көрсөтүлгөн жерлердеги жер-суу аталыштарындагы окшоштуктар маданий, тилдик, этнографиялык жактан бирдей баалуулук системасына ээ болуп, этнонимдик жактан ар башка болгону менен түпкүрүндө бир маданий өзөктүн өкүлдөрү экенинен кабар берет. Аты аталган өлкөлөрдүн территориялык жана идеологиялык багыты башка болгону менен тилдик, этникалык жактан түрк элдердин бир чоң тобуна кирип турарыбыз эч талашсыз.

Колдонулган адабияттар:

1. Махмуд Кашгари Туркий сузлар девони (Дивану луготи турк) 1,3 т. Ташкент, 1960
2. С. Караев Топонимия Узбекистана с топонимическим словарем – Т.: 2015
3. Ортолук Казакстандын жер-суу аттары, Алматы 1989
4. Беруни 1973 – Абу Райхан Беруни. Канон Мас'уда (книги I—V) /
5. Вступительная статья, перевод и примечания П.Г. Булгакова и Б.А. Розенфельда при участии М.М. Рожанской (перевод и примечания) и А.Ахмедова (примечания) // Избр. произв. Т. 5 (часть 1). Ташкент: Фан, 1973.
6. Койшыбаев Е. Казакстан жер-суу аттарынын сөздүгү, Алматы, 1985
7. Молчанова О., Топонимический словарь Горного Алтая 1979, 7-б.
8. Хромов, Очерки по топонимии и микропонимии Таджикистана. Вып. 1 / под ред. З.Ш. Раджабова. — Душанбе: Ирфон, 1975.
9. Исаев Д. Жер суу аттарынын сыры. Б.: 1977

УДК: 81'243

Саденова А. Е., Асылбеков Р.О.

КазМУ аларды. Аль-Фараби

Саденова А. Е., Асылбеков Р.О.

КазНУ им. аль-Фараби

Sadenova A.E., Asylbekov R.U

KazNU them. Al-Farabi

ТИЛДИ ҮЙРӨТҮҮДӨ СӨЗ КЫРДААЛДАРЫНЫН ТҮРЛӨРҮН КОЛДОНУУНУН ӨЗГӨЧҮЛҮКТӨРҮ

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТИПОВ РЕЧЕВЫХ СИТУАЦИЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ

ТІЛ МЕНГЕРТУДЕ СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ FEATURES OF THE USE OF TYPES OF SPEECH SITUATIONS IN LANGUAGE ACQUISITION

Аннотация: Мақалада казак тилинин ассимиляциясындагы кеп жағдайларынын түрлері қаралат. Казак тилин үйрөнүп жатқан чет элдик студенттердин сүйлөөнү қалыптандыруунун методдору қаралып, сүйлөөчүлүккө үйрөтүүнүн психологиялық алғылықтуу шарттарына талдоо берілген. Сүйлөө үчүн зарыл болгон шарттардын арасында маанилүү орунду жағдайлар жана алардын компоненттери алат. Оқуу процесси бардык реалдуу қырдаалдарды чағылдыра албайт, ошондуктан чыныгы кеп коммуникациясын туураған билим берүү коммуникативдик қырдаалдарды имитациялоо сунушталат. Мақалада

оқуғуунун ар кандай этаптарына туура келген ар кандай методикалық сунуштар сунушталат. Көңүл сөздүн лингвистикалық формасына ғана эмес, мазмунуна да бурулат. Сүйлөөнү үйрөтүү үчүн диалог жана полилогдорду колдонуу менен интерактивдүү формалар сунушталат. Мақалада берилген көнүгүүлөр системасы оозеки байланышты өнүктүрүүгө өбөлгө түзөт.

Аннотация: Мақалада қазақ тілін меңгертудегі сөйлеу жағдаяттарының түрлері туралы сөз болады. Қазақ тілін оқитын шетелдік студенттердің сөйлеуін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сөйлеуге үйретудің психологиялық мәселелері сөз болады. Сөйлеу үшін қажетті жайттардың арасындағы жағдаят мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Оқу үдерісі барлық шынайы жағдаяттарды көрсете алмайды, сондықтан да шынайы тілдік қатынасқа жақын коммуникативтік оқу жағдаяттарының үлгілері ұсынылады. Мақалада оқудың түрлі кезеңдеріне тиесілі түрлі әдістемелік ұсыныстар берілген. Айтылымның тілдік қана емес, сондай-ақ мазмұнды жағына да назар аударылады. Сөйлеуге үйрету үшін көрнекі нысандар, диалогтар мен полилогтарды қолдану ұсынылады. Мақалада ұсынылған жаттығулардың жүйесі ауызша сөйлеуді дамытуға көмектеседі. Мұнда ең алдымен айтылымның туындауы, оның коммуникативтік мәні мен тілдің нормасына сай келуі дамытылады. Диалогқа үйретуде бір жағынан репликалардың кезектесе алмасуына үйрету көзделсе, екінші жағынан жағдаяттың өзгеруі көрінетін қарым-қатынасқа түсуге, диалогтық сөйлеуге үйрету көзделеді.

Аннотация: В статье идет речь о видах речевых ситуации при усвоении казахского языка. Рассматриваются приемы формирования говорения иностранных учащихся, изучающих казахский язык, дается анализ психологических предпосылок обучения говорению. Важное место среди условий, необходимых для говорения отводится ситуациям и их компонентам. Учебный процесс не может отразить все реально существующие ситуации, поэтому предлагается моделировать учебные коммуникативные ситуации, которые имитируют реальное речевое общение. В статье предложены разные методические рекомендации, соответствующие разным этапам обучения. Акцентируется внимание не только на языковой форме высказывания, но и на содержательной. Для обучения говорению предлагается интерактивные формы использования диалогов и полилогов. Система упражнений, представленная в статье, способствует развитию устного общения.

Annotation: This article touch's upon the peculiarities of a situation in learning Kazakh language as the second language. The methods of speaking of foreign students, who study Kazakh language, are considered and the analysis of psychological backgrounds of speaking teaching is given. Important place among conditions required for speaking is get to situations and their components. Academic process cannot reflect all really existing situations, therefore, it is proposed to model academic communicative situations which imitate real speech communication. In the article, various methodic recommendations are provided, which correspond to various stages of education. It is given attention not only to linguistic form of expression, but to informal form. Interactive forms, use of dialogues and polylogues are proposed for speaking. Sistem of exercises, provided in the article, contributes to development of oral communicative.

Негизги сөздөр: сүйлөө, психологиялық өбөлгөлөрдү талдоо, вербалдык коммуникация, коммуникация, кырдаал.

Түйін сөздер: сөйлеу, психологиялық алғышарттарды саралау, коммуникативтік, жағдаяттар, айтылым.

Ключевые слова: говорение, анализ психологических предпосылок, речевое общение, коммуникативность, ситуация.

Keywords: speaking, the analysis of psychological prerequisites, speech communication, communication, situation.

Адамдар арасындағы тілдік қатынас өмірлік, қоғамдық қажеттілікке сәйкес қолданылу ортасына қарай ерекшеленеді, қалыптасады, өмірдегі әртүрлі тіршілік жағдайына байланысты түрленеді, сараланады. Белгілі бір жағдайлардағы адамдар арасындағы қарым-қатынаста кеңістік пен уақыт кесіндісінде сөйлеу әрекетінің орны ерекше. Сөйлеу әрекеті сөйлеу жағдаятын қалыптастырады.

«Жағдаят» ұғымы психологияда, әдістемеде, философияда және лингвистикада зерттелген адамдар әрекетінің сипатын, өту барысын т.с.с. анықтаушы маңызды категория. Әр ғылым саласы бұл ұғымды өз мақсатына қарай, зерттеу бағытына қарай әртүрлі анықтайды. Өйткені «жағдаятқа» анықтама беруде мынадай әртүрлі көрсеткіштер басшылыққа алынады: 1) айнала қоршаған заттар мен құбылыстардың қатысы арқылы анықталатын жағдай; 2) сөйлеу әрекетін дүниеге келтіретін шарттар; 3) сөйлеуші мен объективті құбылыстар арасындағы объективті байланыс; 4) шындықтың жиынтығы [1, 56].

Сөйлеу жағдаяты сөйлеушінің белгілі білім қоры, тәжірибе түрінде қарым-қатынас жасауға түрткі, уәж болатын шарттары арқылы айқындалады. Сөйлеу жағдаяты белгілі бір уақыт кесіндісіндегі өтпелі, уақытша сипатқа ие болады. Сонымен қатар жалпы қоғамдық өмірмен қалыптасатын тұрақты жағдай да сөйлеу жағдаятын айқындайтын белгінің қатарына жатады.

Тіл үйретудің алғашқы күнінен-ақ қарапайым сұрақ-жауап арқылы шетелдік студентті диалогтық сөйлеу жағдайына бейімдеу әдістемелік тұрғыдан тиімді болып табылады. Сондықтан көптеген ғалым-әдіскер сөйлеуге үйретуде тақырыптық ұстанымның орнына жағдаяттық ұстанымды ұсынады. Әрине, бұл ұстанымдар бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше, олар бірін-бірі ұштай түседі. Жағдаят диалогты тудырады. Оған орыс тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берген. «Ситуация – это совокупность обстоятельств, условий, создающих те или иные отношения, обстановку или положения» [2, 49-50].

Жағдаяттылық – шетелдік студенттің үйренуге, меңгеруге, білуге қызығушылығы, меңгеру жүйесіндегі маңызды стимул. Жағдаяттылық (ситуативность) – сөйлеуге үйретудің маңызды шарты. Жағдаят дегеніміз сөйлеуге стимул. Жағдаят коммуниканттар айналасындағы заттар емес, сөйлесушілердің өзара қарым-қатынас жүйесі, демек әңгімелесу дегеніміз шындық өмірде бір нәрсені сұрау, түсіну, сендіру, таңдану, ренжу және т.б. Сөйлеу жағдаяттарының іс-әрекетіне байланысты болуы баяндау, әңгімелеу үшін стимул болып табылады, бұл әдістемеде меңгеріп жатқан тіл – қатынас құралы екендігін де сезінтетін күшті стимул. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын және сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін жағдаяттылықты өзектілендіру үнемі алға тартып отыру аса тиімді [3].

Диалогтың қалыптасуына сөйлеу жағдаяты тікелей әрі доминантты түрде әсер етеді. Онсыз диалогтағы әңгіме тақырыбын түсіну қиын. Жалпы тілдің қызметі сөйлеу жағдаяттарында өзектіленеді. Екеуінің арасында белгілі бір байланыс бар.

Жағдаят пен тілдің, диалогтың байланысын айтумен бірге ғалымдар тіл белгілі жағдайда керек, сондықтан тілді үйретудегі негізгі мәселе жағдаят болуға тиісті деген пікірді жиі айтады. Мәселен, нақты қатысымдық мақсатты орындату үшін бір тақырып көлемінде

өзара байланысты бірнеше жағдаяттарды біріктіруге болады. Сөйлеу әрекетінің мақсаты тіл бірліктерін қолдану, тіпті өз ойын жеткізу де емес, сөйлеу мақсаты шынайы өмірде нақты бір әрекетке итермелеу, серіктесіне өз дегенін орындату, сондықтан шетелдік студенттерді нақты жағдаяттар моделіне енгізу арқылы тілге үйретудің тиімділігі аса жоғары болмақ. Ал диалог әсіресе жағдаятқа тәуелді келетін сөйлеу құрылымы.

Жағдаят сөйлеу тілін үйреткенде диалогтың белгілі бір қажеттілікке сәйкес болуын қадағалап, меңгерген сөздерін жеке-дара емес, бір тақырып аясында қолдануға мүмкіндік туғызған жөн. Жағдаят тілдесім барысында сөздерді үнемді жұмсауды қамтамасыз етеді, хабарламаларды қысқартуға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде диалогқа қатысушылардың тілдік құралдарды аз жұмсай отырып, тақырып бойынша көбірек мәлімет беруге тырысатын ынтасын байқатады. Мұндайда шетелдік студенттердің айтпай кеткен сөздерін, қысқартылған мәліметтерді жағдаяттық құрылым өзі толтырады.

Тіл меңгерудегі сөйлеу жағдаяттығының мақсаты – шетелдік студенттерді тілдесімге дайындау, сөз арқылы, диалогтық сөйлесу арқылы тілдік қатынасқа, диалогтық тілдесімге шығару. Оның негізінде жағдаят жатады, басқаша айтқанда тілдесім жағдаят арқылы жүзеге асады. Шетелдік студенттің әртүрлі жағдаятқа байланысты қатысымдық құзыреттілігін тіл меңгерудегі әрбір сабақтағы лексикалық минимум арқылы елтану, мәдениеттануға қатысты білімдері арқылы қалыптастыруға болады.

Көптеген ғалымдар диалогтық мәтіннің пайда болуы үшін жағдаяттың жалпы сипаттамасы (қалыпты, тартысты), екі не одан да көп, жеке / ұжымдық, белсенді / баяу серіктестері әлеуметтік рөлдері жағынан тең / тең емес, серіктестердің достық / ресми сияқты т.б. тілдесу ахуалы хабарлама / ескертпе, әрі қарай нақтылауды талап етпеу сияқты тілдік қатынас мақсаты уақыт тапшылығы деген сияқты белгілер қажет деп көрсетеді [4, 69]. И.И. Формановскаяның пікірі бойынша, «дискурстық өзара әрекеттесуді туғызатын қатысымдық жағдаяттар байланысты бекіту, оны қостау және тоқтату сияқты құрылымдық бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімде қаратпа сөз сәлемдесу мақсатында қолданылса, екіншісінде – айту (адресация) мен қабылдау (авторизация) құралдары, адамның ықыласын ояту мен қуаттау мақсатындағы қызығушылық, эмоциялық белгілер және т.б. жатады. Үшінші бөлімде әңгіменің қорытындысы шығарылады, кешірім мен қолдау іске асады», - деп түсіндіреді [5].

Кез келген жағдаят сөйлеуге шақырады, сөйлеуді қажет етеді, сөйлесуді талап етеді деп ойлауға болмайды. Оқу-сөйлеу жағдаяты деп тек қана сабақ үстінде, сабақ тақырыбына сай сөйлеуді немесе сөйлесуді туғызатын әрекеті бар жағдаятты айтамыз. Алайда «жағдаят» түсінігін тек қана өмірдегі бар нәрселердің, көзге көрініп тұрған дүниелердің маңайында деп есептеу, қателік болады. Бұған көзге елестету арқылы пайда болып, сосын барып сөйлеу әрекетін туғызатын жағдаяттарды да жатқызуға болады.

Сонымен бірге шетелдік студент үшін жаңа әлеуметтік ортада қажет типтік коммуникация салаларын анықтап алу керек. Мұндай сөйлеу салаларына әлеуметтік-тұрмыстық, оқу-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалар жатады. Содан соң шынайы өмірлік талаптары, коммуникативтік сұрақтары, әлеуметтік рөлі оқытылады, анықталады. Коммуникативтік ұстаным бойынша диалогты ұйымдастыруда практикалық қатынаста өзекті болып табылатын жоғарыда аталған салаларға тән стандартты сөйлеу жағдаяттар анықталады.

Сөйлеу жағдаяттары тұрақты және өзгермелі екі негізгі түрге бөлінеді. Тұрақты (стандартты) жағдаят – өзгермейтін бағдарлама, дайын сценарий яғни адамның сөйлемейтін

әрекетіндегі және сөйлейтін әрекетіндегі нақты сәйкестік. Ал өзгермелі жағдаят та сөйлеу формалары, оның мазмұнына байланысты емес, жағдайға қарай өзгереді.

Тіл меңгерудің бастапқы кезеңінде жағдаяттың осы екі түрінің күнделікті өмірде жиілігі жоғары, таралымдығы кең стандартты түріне көп көңіл бөлінеді. Қатысымның тұрақты (стандартты) жағдаяттарын тіл меңгерудің кезеңіне енгізе отырып, шетелдік студенттердің бірінші кезектегі практикалық талаптарын басты етіп, коммуникативтік сөйлеу мақсаттарын іске асыруға үйрету жүзеге асырылады. Демек, қатысымға қажетті сөйлеу нормаларын меңгерту қолға алынады. Үйреніп отырған тілдің сөйлеу нормалары жүйеленген диалог арқылы тіл меңгерту бірте-бірте шетелдік студенттің елтанымдық білімнің кеңеюіне, тілдік құзыреттілігінің қалыптасуына әкеледі.

«Сөйлеу жағдаяты» термині тілдің әрекеттік, ықпал етуші қызметін қарастырады. «Сөйлеу жағдаяты» ұғымы, біріншіден, сөйлем мазмұнын бейвербалды түрде толықтырып, жасырын мәнді сөйлесім түрлерін қалыптастыратын экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы, екіншіден, нақты сөйлеу жағдаятымен бірге сөйлеу жағдаяттарының қайталамалы, ортақ сипаттарына қарай жинақталған типтік түрлері де болатыны мәлім.

Сөйлеу жағдаяты сөйлем мазмұны мен құрылымын қалыптастыруға ықпал ететін сөйлеу әрекетінің маңызды компоненті, категориясы десе де болады. Сөйлеу жағдаяты – мәнмәтіннің нақтыланған түрі, тілдік бірліктің жұмсалуды мен жалпы мәнмәтінді байланыстыратын буын болып табылады. Ал тіл білімінде «мәнмәтін» терминімен әртүрлі ұғымдар аталады. Ол жалпылықты да, жекелікті де қамтиды. Зерттеушілер мәнмәтінді мынадай үш топқа жіктейді: 1) сөз немесе сөйлеу мәнмәтіні; 2) сөйлеу жағдаяты; 3) мәдени мәнмәтін. Біздің байқауымызша, мәнмәтінге де жүйелілік сипат тән, олардың арасында да иерархиялық құрылымдық байланыс бар. «Коммуникативтік жағдай», «мәнмәтін», «тұрақты қалыптағы жағдай» терминдері нақты сөйлеу жағдаятына дейін белгілі білімнің жиынтығы деген ұғымды белгілейді.

Тілдік мазмұнды қатысым жағдаятымен байланыста қарастыру экстралингвистикалық факторларды реттеп, жүйелеуге әкеледі. Тілдік мазмұнды қалыптастыруға тура және қосымша түрде ықпал ететін жағдайлар бар. Сыртқы жағдаят сөйлем мазмұнында толық көрінуі немесе жетекші факторлар арқылы жанама түрде көрінуі мүмкін. Вербалды түрде жүзеге асатын сөйлеу тілінде сөйлеу жағдаяты қарым-қатынасқа тікелей қатысады. Сонымен, ғылыми еңбектерде сөйлеу актісімен байланысты сөйлеу жағдаятының үш түрлі қызметі анықталып келеді:

1. сөйлеу актісін қалыптастырушы факт;
2. сөйлеу түрін, стилін анықтаушы фактор;
3. сөйлесім мазмұнын толықтырушы компонент.

Сөйлеу жағдаятын жіктеп, көрсеткіштерін тізіп шығу мүмкін емес, себебі ол объективті шындықтың кеңістік пен уақыттағы кесіндісі, ал объективті шындықтың кеңістік пен уақыттағы әрбір кесіндісі өзінше қайталанбас белгі, сипаттарға ие. Оның құрылымы объектілерден, олардың уақыт пен кеңістіктегі қалпынан тұрады. Мысалы, сөйлеушілерге қатысты әлеуметтік, психологиялық, тілдік құзырет факторларын атауға болады.

Сөйлеу әрекетінде нақты сөйлеу жағдаятында бар шынайы дүниенің объектілері сөйлесім мазмұнында қамтылады. Сөйлеу актісінде уақыт, орын, зат, сөйлеу актісіне қатысушылар сияқты бейвербалды факторлармен қатар, сөйлеу актілері түріндегі вербалды бірліктерге қатысты да сілтемелер жасалуы мүмкін.

Коммуниканттар арасындағы өзара сөйлеу қарым-қатынасын жүзеге асыратын жағдаяттар жиынтығы сөйлеу жағдаяттары деп қарастырылады. Сөйлеу жағдаяттарының маңызды қызметтері коммуникативтік актінің негізгі классикалық модельдерінде көрінеді. Мұндай модельді Р. Якобсон ұсынған болатын, ол мыналардың функцияларының жиынтығы түрінде көрінеді: адресант, адресат, мәнмәтін, хабарлау, байланыс (контакт), код [6, 22]. Ал сөйлеу жағдаяттарының параметрлері былай көрсетіледі:

- адресант-адресат;
- шындықтың объективті фрагменттері бар жағдаят;
- сөйлеудің ортақтығын қосатын ортақ жағдаят;
 - әлеуметтік, саяси, тарихи-мәдени ортада өтуіне сәйкес адресаттың қарым-қатынасы.

Байқауымызша, коммуниканттар арасындағы байланыстың ойдағыдай дамуын қамтамасыз етудің толып жатқан экстралингвистикалық шарттары бар. Мысалы, серіктестің бірі сөйлеуші ретінде, екіншісі тыңдаушы ретінде (немесе алма-кезек) өздерінің коммуникативтік рөлдерін дұрыс атқара білуге тиісті дағды, білім, біліктілік, әрекет т.б. Коммуниканттардың сөз саптауы тек жасына ғана емес, жынысына, білім деңгейіне, өскен ортасына, қызметі, кәсібіне де байланысты екені тағы бар.

Коммуникант – белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Коммуниканттың жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт), жынысы (әйел, ер), мекені (ауыл, қала тұрғыны), кәсібі, жұмысы, отбасы орны (әке, шеше, үй мүшесі) оның әлеуметтік белгілері болып табылады.

Оқу үдерісінде жағдаяттар екі бөлікте қарастырылады: оқу-сөйлеу жағдаяттары және табиғи жағдаяттар. Оқу-сөйлеу жағдаяты деп тек қана сабақ үстінде, сабақ тақырыбына сай сөйлеуді немесе сөйлесуді туғызатын жасанды жағдаятты айтамыз. Бұл жағдаяттар сөйлеу дағдысын жоспарлы түрде, лексикалық-грамматикалық материалдар негізінде дамытуды қамтамасыз етеді. Алайда мұндай жағдаяттар алдын ала жасалған сабақ жоспарынан, белгілі бір тақырып аясынан, белгілі бір лексикалық-грамматикалық материалдар шеңберінен шыға алмайды, солар арқылы шектеліп отырады. Сондықтан тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын жан-жақты дамытуды толықтай қамтамасыз ете алмайды. Осы себептен тіл үйренушілердің диалогтық сөйлесуін қалыптастыруда табиғи жағдаяттарды да пайдалану қажеттігі туындайды. Мұндай жағдаяттарға кез келген өмірлік мәселелерден туындайтын табиғи жағдаяттар да, көзге елестету арқылы пайда болып, сөйлеу әрекетін туғызатындары да жатады. Осылардың қай-қайсысында да сөйлеу әрекеті табиғи күйінде немесе соған жақын қалып отырады. Сондықтан сабақ үстінде күнделікті өмірде кездесетін табиғи жағдаяттарды оқыту мақсаты үшін арнайы іріктеп, әр тақырыптың мазмұнына орайластырып пайдалану қажеттігі туындайды.

Тіл меңгеру үдерісіне қатысты жағдаяттың екі түрін атауға болады. Оның біріншісі – дәрісханадағы тіл меңгерту кезінде үнемі туындап отыратын табиғи жағдаяттар. В.Л. Скалкин оқу-сөйлеу жағдаяттары дегенде адамды сөйлесуге ынталандырушы тілдесім аяларына тән болып келетін төмендегі топтарды былай көрсетеді:

- 1) өзін қызықтыратын адам, нәрсе, оқиға туралы сұрау;
- 2) біреуді бір нәрсе туралы хабардар ету;
- 3) біреудің сөзіне, пікіріне, я болмаса қандай да бір оқиғаға, құбылысқа өзінің көзқарасын білдіру;

4) біреу туралы, бірнәрсе туралы алған әсерлерімен, ойына келген пікірлермен алмасу [7, 57].

Адресат пен адресанттың тілдесуі қандай да бір орында немесе ғылым тілімен айтсақ, кеңістікте қандай да бір уақытта өтеді. Бұл жерде айтылыс сипаттамасының уақыт пен кеңістікке лайықталған екі аспектісін айырып көрсетуге болады. Біріншіден, серіктестер белгілі бір жерде, белгілі бір уақытта кездесіп сөйлесуі мүмкін, сондықтан олар сөйлеу актісінің уақыттық-кеңістік қаңқасын жасайды. Екіншіден, серіктестер дәл сол оқиға болған жерде, дәл сол уақытта тілдеседі: әуежайда, қонақүйде, мекемеде, қонақта, белгілі бір отбасында немесе таңертең, кешке, күндіз, жазда, сәрсенбіде, жұмада т.б. Бұл жағдаят аясында берілетін оқиға жоспарын айқындайды. Осылайша серіктестер санасында көптеген өмірде болып жататын көріністер, оларға сәйкес пайда болатын қоғамдағы сөйлеу әрекеттері деп танылған айтылыстар мен дискурстар әртүрлі мәтіндер жасалады.

Серіктестер тілдік қатынас кезінде жағдаяттың бірнеше түрін пайдаланады. Тіл меңгерту мақсаттары үшін тиімді болып Т.Е. Сахарова көрсеткен төмендегі жағдаят түрлерін атауға болады:

1) Микро және макрожағдаяттар. Бұлар тұрақты және дамушы жағдаяттар деп те аталады. Жағдаяттарды тіл меңгерту мақсаттарына арнап өңдеу ісі осы микро және макро жағдаяттар бойынша жүргізіледі.

Микрожағдаят деп орнықты жағдаятты айтады, оған бір немесе екі-үш өзара байланысқан репликадан тұратын жағдаяттар жатады. Мұндай жағдаяттарға «қажеттілік жағдаяттары», «толық емес немесе белгілі емес ақпаратқа құрылған жағдаяттар», «байланыс орнату жағдаяттары» жатады. Макрожағдаяттар көбінесе сыртқы жағдаяттар ретінде көрінеді. Сыртқы жағдаяттар шартына төмендегідей мақсаттар қойылады: мысалы, көшеден өту, туған күн болатын адамның мекенжайын сұрау, өзіне қажетті затты сұрап білу т.б.

Макрожағдаятта сөйлеу оқиғасы күрделі мәселеге құрылады. Оқиға біртіндеп өрістеп, дамып отырады. Бұған пікірталастар, диссертация қорғау, келіссөздер жүргізу, т.б. ауқымды мәселелер мысал бола алады. Микрожағдаяттар макрожағдаяттың іргетасын қалайды [8, 206-207].

2) Табиғи және қиялдан алынған немесе елестетілген жағдаяттар.

3) Адамның көңіл-күйіне, сыртқы жағдайларға байланысты пайда болатын жағдаяттар.

4) Экстралингвистикалық және лингвистикалық жағдаяттар.

Бұған ұқсас Е.И. Пассовтың таптастыруын көрсетуге болады:

1) табиғи және жасанды жағдаяттар;

2) тілдік және тілдік емес жағдаяттар;

жағдаят көлемі жағынан макрожағдаяттар және микрожағдаяттар [9, 8].

Коммуниканттар арасындағы байланыстың орнауын, үзіліп қалмауын, сақталуы, нығаюын жағдаяттық байланыс қызметін амандық сұрау, қоштасу, сияқты тақырыптық топқа жататын единицалар атқарып, қамтамасыз етеді.

Адресат пен адресант арасындағы қарым-қатынастың типтік түрі (үлкен-кіші, ресми-бейресми т.б.) айқындалады. Бұл орайда қазақ тілі – ең бір өзіндік әлеуметтік қарым-қатынас ерекшелік жүйесі дамыған, әр алуандығымен көзге түсетін тілдердің бірі. Олар туыстық қарым-қатынасқа, таныс-бейтанысқа, түрлі әлеуметтік тип пен ресми-бейресмилік жағдайға байланысты құбылып отырады. Жағдаят арқылы диалогтық сөйлесуде адресат пен адресанттың арасындағы қарым-қатынас реттеліп отырады.

Тіл меңгерудің бастапқы деңгейінде қатысымның стандартты жағдаяттары «лингвоелтанымдық аспектіні де қамтуы» тиіс. Лингвоелтанымдық аспекті тіл жүйесінде қалыптасқан сөйлеу нормаларын, фразаларды қамтиды. Тіл меңгерудің бастапқы кезеңінде стандартты қатысым жағдаяттары мен олардың салаларын іріктеп, оны меңгеру үдерісіне біртіндеп енгізген жөн. Тіл меңгеруде берілетін микрожағдаяттарда ұлттық-мәдени мен елтанымдық білімдердің болғаны жөн.

Елтанымдық диалогтардың ауқымы жоғары. Бастапқы деңгейде соның бір ғана түрі – узуалды-дәстүрлік түріне сипаттама беріп, оны лингвоелтанымдық ұстаным тұрғысынан түсіндіріліп, мағынасын, оған сәйкес белсенді коммуникативтік ұстаным болатыны айқындалғаны дұрыс. Узуалды-дәстүрлік термині тілдік мәліметтер мен дәстүрлік сипаттағы мәліметтер тығыз байланысқан мәтіндерге тән болып табылады. Узуалды фразалар дәстүрлік, салттық қағидалар бойынша беріледі. Демек, Е.М. Верещагин., В.Т. Костомаров бойынша айтсақ, узуалды-дәстүрлік мәтіндер дегеніміз – «бұл берілген сөйлеу жағдаяты үшін міндетті болып табылатын сөйлеу нормалары мен мінез-құлық нормаларының байланысуы» [10]. Узус ұғымы сөйлеу жағдаяты мен сөйлеу нысандарының арасындағы байланысты көрсету үшін қолданылады.

Кез келген адам күнделікті өмірде белгілі бір әлеуметтік іспен айналысады, рөлді ойнайды, сол арқылы әлеуметтік ортаның өкілі болады. Мысалы, қоғамдық көлікке мінсе – жолаушы, дүкенге кірсе – сатып алушы, үйге келгенде – ата-ана, жұмыста – маман, қызметкер т.б. Осындай қым-қиғаш өмір салтына байланысты адамдар қарым-қатынас жасаудың рөлдерінің бірінен-екіншісіне көшіп отырады, кейде бірнеше рөлде қатарынан көрінеді.

Сондықтан әр адам күнделікті өмірде өзі араласқан әлеуметтік ортаның ыңғайына қарай әрекет жасап, сөз саптайды. Пікір алысушылардың қай әлеуметтік ортадан екені, әлеуметтік белгісі, әлеуметтік рөлі оның сөз саптауына, яғни сөз әдебіне тікелей ықпал етіп отырады. Қарым-қатынас жасаушы, сөйлесуші белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі десек, онда адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Бұл тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік сипатын білдіреді. Осыған орай сөйлеушілердің мынадай әлеуметтік белгілері сараланады:

- жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт);
- мекені (ауыл тұрғыны, қала тұрғыны);
- кәсібі, жұмысы (қызметі);
- отбасындағы орны (әке, шеше, отбасы мүшесі т.б.).

Күнделікті қарым-қатынаста сөйлеушілердің әлеуметтік белгілері бір-бірімен сабақтасып жатады. Мұнда, негізінен, кез келген адам өзінің әлеуметтік белгілеріне, ондағы орнына қарай сөйлейді: бірінші сөйлесушілердің тұрақты әлеуметтік белгілері (жасы, жынысы, ауыл, қала тұрғыны екендігі, қоғамдағы орны т.б.) және айнымалы әлеуметтік белгілері (жолаушы-жүргізуші, емделуші-емдеуші, тұтынушы-сатушы, студент-оқытушы, оқушы-мұғалім, оқушы-кітапханашы т.б.); екінші, осындағы сөйлесушілердің арасындағы қатынастың түрі (таныс, бейтаныс, көзтаныс, көше таныс, жақын адамдар т.б.) және онда сөйлесудің қандай жағдайда өтетіні (ресми, бейресми, салтанатты, бейтарап); үшінші, осы сөйлесудегі сөз тақырыбы (тұрмыстық, саяси, ғылыми т.б.) ондағы сөздің қандай тілдік ерекшелікте (әдеби, ауызша, жазбаша сөйлеу тілі (диалог) диалект, жергілікті қарапайым тілдік қолданыс т.б.) көрінуі жатады [11].

Байқағанымыздай, мұндағы диалог күрделі сценаридің вербалды көрінісі түрінде беріледі. Сөзге қатысушылар көп болғандықтан, тіл үйренушіден көп икемділік, неғұрлым көбірек әлеуметтік рөлдердің тілдік кодын білуді талап етеді.

Жағдаяттардың тобы әлеуметтік-мәдени салаға да байланысты. Ол сөйлеу актісіне қатысушылардың ресми немесе бейресми жағдайдағы тілдесімі саясат, экономика, ғылым, экология, мәдениет, соғыс және бейбітшілік; ынтымақтастық мәселелерін талқылауы; сонымен қатар театр, кино, мұражай, концертке баруы; стадион, бассейн т.б. спорт кешендеріне баруы және басқа қоғамдық шараларға қатысуы; кітапханаға баруы; әдебиетке қызығушылығы; тарихи ұлы оқиғалар, ел мен қаланың әсем табиғатын және көрікті жерлерін аралауы түрінде болуы ықтимал.

Сөйлеу жағдаяттарынан тағы мынадай проблемалық ситуациялар құрыла алады: демалыс пен көңіл көтеруді ұйымдастыру; жастар мен еліміздің өміріндегі мәдениеттің, спорттың, өнердің алатын орны; БАҚ-тың рөлі мен қызметі т.б.

Осылайша, тіл меңгеруде берілген дискурстың түрлеріне байланысты жағдаяттар, проблемалар анықталғаннан кейін тіл үйренушілердің мәртебесі және олардың коммуникативтік мақсаттары белгіленіп көрсетіледі. Сонымен бірге «әлеуметтік лингвистика саласы бойынша институционалдық дискурсқа» [12, 28] да назар аударылуға тиіс, мұнда қатысушы-агент пен клиенттің қатынасына байланысты мынадай түрлері болуы мүмкін: ұстаз бен шәкірт; дәрігер мен науқас; сатушы мен сатып алушы; полиция қызметкері мен тұрғын, делегация мүшелері мен қабылдаушы; жүргізуші мен жолаушы; конференцияға қатысушы мен мекеме (елшілік) қызметкері т.б.

Сонымен, тіл меңгеруде тіл үйренушінің диалог құрып, диалогтық сөйлесуге қатысуы сөз жағдаятына аса тәуелді болып келеді. Ал сөз жағдаяты күрделі экстралингвистикалық фактор болып табылады.

Өзге ұлт өкілдеріне тіл меңгертудегі жағдаяттар түрлері өзгетілдік оқытудың маңызды аспектісі болып табылады. Әрі қазіргі диалог мәдениеті жағдайында өзектілігі сөзсіз болып табылады. Сонымен бірге, тілді екінші немесе шет тілі ретінде меңгеруде жағдаяттар түрлері маңызды орын алады деп қорытындылауға болады. Яғни, тіл меңгерту сабағында жағдаяттың бірнеше түрін белсенді түрде қолдану студент әрекетін белсендіру, оқу материалын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады. Жалпы сабақта қолданылатын жағдаяттар түрлері ұжымдық іс-әрекет жүйесі арқылы жеке тұлға белсенділігін арттыруға негізделген, берліген материалды жылдам әрі сапалы меңгертуге бағытталған, ерекше үлгіде ұйымдастырылған тілдік қатынасты жүзеге асырушы болып табылады.

Жағдаят түрлері арқылы тіл меңгеру тіл үйренушілер айналасымен, сонымен бірге қазақ тіл иесі ортасымен, тілдік орта, қоршаған оқу ортасымен, өзара әрекет етуде жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, белгілі бір халықтың, ұлттың тілін үйренуде өзге елдің өкілі алдымен сол халықтың тіліндегі әлеуметтік қарым-қатынас ерекшелігіне назар аударады. Тіл үйренуді қарапайым қалыпты (стандартты) жағдаяттарды білдіретін диалогтар құрып, әлеуметтік белгілері бар сөздерден бастайды. Бұл, әрине, диалогтың жағдаяттық типологиясының байланыс орнату, қарым-қатынасқа ұйытқы болу тәрізді өзіндік қызметі мен ерекшелігіне байланысты.

Сөйлеу жағдаяты арқылы шетелдік студенттің тіл меңгеруге деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе. Аталған мәселені шешу үшін бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, тіл меңгеру үдерісінде белсенді оқыту формаларын қолдану керек.

Әдебиеттер:

1. Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2001. – 246 б.
2. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи: пособие для учителей. – Киев: Род. Школа, 1989. – 156 с.
3. Күзекова З.С. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 307 б.
4. Дученко Т.Д. Обучение клишированной диалогической речи на основе ситуативно-тематического минимума на 1-курсе языкового вуза (английского языка): автореф. ... канд. филол. наук. – Киев, 1984. – 28 с.
5. Формановская Н.И. О коммуникативно-семантических группах и интенциональной семантике их единиц // Языковое сообщение и его единицы. – Калинин, 1986. – С. 18-27.
6. Якобсон Р. В поисках сущности языка // Введение в языкознание. Хрестоматия для вузов. – М.: Академический проект, 2005. – 553 с.
7. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи: пособие для учителей. – Киев: Род. Школа, 1989. – 156 с.
8. Дученко Т.Д. Обучение клишированной диалогической речи на основе ситуативно-тематического минимума на 1-курсе языкового вуза (английского языка): автореф. ... канд. филол. наук. – Киев, 1984. – 28 с.
9. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – С.: Просвещение, 1991. – 89 с.
10. Верещагин Е.М., Костомаров В.Т. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – 4-е изд., перераб. и доп. – М., 1990. – 246 с.
11. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 336 б.
12. Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: «Арман-ПВ», 2008. – 392 б.